

«Әдістемелік вернисаж» тақырыбында әдістемелік идеялардың республикалық конкурсын өткізу ережелері

1. Жалпы ережелер

1. Осы ережелер «Әдістемелік вернисаж» тақырыбында әдістемелік идеялардың республикалық конкурсының (бұдан әрі – Конкурс) мақсатын, міндеттерін және оны өткізу тәртібін анықтайды.

2. Конкурс Балаларға арналған қосымша білім беру жүйесінің педагог қызметкерлерінің шығармашылық әлеуетін іске асыру және кәсіби шеберліктерін жетілдіру, инновациялық идеяларды, озық педагогикалық тәжірибелерді анықтау және насихаттау мақсатында өткізіледі.

3. Конкурстың міндеттері:

1) білім алушылардың сапалы жаңа білім нәтижелеріне жетуге бағытталған жаңа буын оқу-әдістемелік материалдарын құру арқылы білім беру үдерісінің тиімділігін арттыру;

2) білім беру үдерісінде интерактивті оқыту технологияларын әзірлеуге және енгізуге бағытталған педагог қызметкерлердің инновациялық және эксперименттік қызметтерін дамыту;

3) жаңа педагогикалық идеяларды және тәжірибелерді, шығармашылық тұрғыда қызмет атқарып жүрген педагогтерді анықтау, оларға қолдау көрсету және ынталандыру;

4) балаларға арналған қосымша білім беру жүйесінің педагог қызметкерлерінің кәсіби-педагогикалық шеберліктерін жетілдіру;

5) озық педагогикалық тәжірибе идеясын тарату, аймақтық, республикалық деңгейде озық педагогикалық тәжірибелердің ақпараттық-әдістемелік базасын толықтыру.

4. Конкурстың негізгі принциптері: ашықтық, бағалау белгілерінің айқындығы, шешім қабылдаудағы алқалылық, барлық қатысушылар үшін шарттардың теңдігі.

5. Конкурс Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының ұйымдастыруымен өткізіледі.

2. Қатысушылар

6. Конкурсқа жалпы орта және балаларға қосымша білім беру ұйымдары ұйымдарында жүзеге асырылатын қосымша білім беру жүйесінің педагог қызметкерлері қатыса алады.

7. Осы ережеде көрсетілген құжаттардың толық жинағын Республикалық ұйымдастыру комитетіне тапсыру Конкурстың қатысушыларын тіркеу үшін негіз болып табылады.

8. Конкурстың әрбір қатысушысы бірнеше номинация бойынша жұмыстар ұсына алады.

3. Конкурса жетекшілік ету

9. Конкурсты дайындау және өткізу жұмыстарын Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы құрған ұйымдастыру комитеті жүзеге асырады.

10. Ұйымдастыру комитеті қазылар алқасының және сараптау кеңесінің құрамын қалыптастырады.

11. Конкурстың сараптау кеңесі жұмыстарды алдын-ала іріктеу кезеңін өткізеді және оларды қазылар алқасына талқылауға ұсынады. Сараптау кеңесі ұсынылған жұмыстарды алғашқы сараптау негізінде басқа номинацияға жібере алады.

12. Конкурстың қазылар алқасы жұмыстарды бағалаудың ақтық кезеңін өткізеді, қорытындылайды, әрбір номинация бойынша Конкурс жеңімпаздарын анықтайды.

13. Ұйымдастыру комитеті сараптау кеңесі ұсынған конкурстық жұмыстар сараптамасының негізінде номинациялар тізімін өзгертуі мүмкін.

4. Конкурстық жұмыстарды ұсыну тәртібі

14. Конкурс **2014 жылғы ақпан айынан бастап қазан айына дейін** өткізіледі.

Конкурса қатысу үшін **2014 жылғы 25 сәуірге дейін** ұйымдастыру комитетіне келесі құжаттарды жіберу қажет:

- 1) Конкурса қатысу үшін әдістемелік материалды жіберу туралы білім беру ұйымының әдістемелік кеңесінің (бірлестігінің) хаттамасы;
- 2) осы ережеде белгіленген нысан бойынша әрбір қатысушының сауалнама-өтінімі (1-қосымша);
- 3) жұмыс авторының қысқаша мінездемесі, автордың түрлі-түсті фотосуреті (9-13 см);
- 4) оқу-әдістемелік материалдың электронды нұсқасы (CD-R, -RW).
- 5) оқу-әдістемелік материалға жазылған екі пікір: тиісті білім беру саласындағы арнайы орта және жоғары білім беру ұйымдарының мамандары;
- 6) ұйымдастыру жарнасын төлегені туралы түбіртектің сканерленген көшірмесі (немесе цифрлы анық фото).

15. Конкурса қатысушылар өтініммен бірге жарна төлемі туралы түбіртекті қоса жібереді. Ұйымдастыру жарнасын аудару үшін Банк реквизиттері қоса беріледі.

16. Конкурстық материалдар кешеніне құжаттардың тізбесі көрсетілген хат қоса жіберіледі, онда ұйымның мекен-жайы, басшының толық аты-жөні және конкурстық материалдарды әзірлеген қызметкердің толық аты-жөні, байланыс телефоны көрсетіледі.

17. Конкурса қатысу туралы өтінім және материалдар **2014 жылғы 25 сәуірге дейін** мына мекен-жай бойынша қабылданады: 050020, Алматы

қаласы, Митин к-сі, 6, «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының Филиалы. «Әдістемелік вернисаж» республикалық конкурсы. Анықтама телефоны: 8-(727)-3870834 немесе e-mail: berikovna@list.ru.

18. Конкурстық жұмыстарды ұйымдастыру комитетіне пошта арқылы бандерольмен жіберуге болады, жіберілген жұмыстың электронды нұсқасы міндетті түрде қосымша ретінде берілуі тиіс (CD-R немесе -RW). Конкурстық жұмыстардың авторлары жіберілген жұмыстарды тіркеуге алу туралы мәліметтерді сұрауға құқылы.

19. Ұйымдастыру комитетіне **2014 жылғы 25 сәуірден** кейін келіп түскен, сондай-ақ қойылған талаптарға сәйкес келмейтін конкурстық материалдар қарастырылмайды және қайтарылмайды.

5. Жұмыс мазмұнына және оны ресімдеуге қойылатын талаптар

20. Конкурс балаларға арналған қосымша білім беру жүйесінің келесі қызмет бағыттары бойынша өткізіледі:

- 1) ғылыми-техникалық шығармашылық, өнертапқыштық және робототехника;
- 2) экология-биологиялық;
- 3) туристік-өлкетану;
- 4) көркем-эстетикалық;
- 5) музыкалық;
- 6) әлеуметтік-педагогикалық;
- 7) әскери-патриоттық.

21. Конкурса жалпы орта және балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдарында жүзеге асырылатын қосымша білім беру жүйесінде пайдаланылатын соңғы екі жыл ішінде әзірленген бағдарламалық-әдістемелік материалдар ұсынылады.

22. Конкурстық материалдар келесі **номинациялар** бойынша ұсынылады:

- 1) балаларға арналған **қосымша білім беретін оқу бағдарламалары;**
- 2) **білім беру үдерісін әдістемелік қамтамасыз ету:**
құзыреттілікке бағдарланған тапсырмалар;
көрнекі оқу құралдары;
әдістемелік оқу құралдары;
білім беру және зерттеу қызметін ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік зерттемелер;
тәрбие жұмысын әдістемелік қамтамасыз ету;
балалардың шығармашылық қабілетін дамытуды әдістемелік қамтамасыз ету;
- 3) балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдарының **әдістемелік қызметін көрсететін материалдар.**

23. Конкурса білім беру ұйымының әдістемелік кеңесінде (бірлестігінде) қаралған және мақұлданған әдістемелік материалдар жіберіледі (хаттама қоса беріледі).

24. Конкурстық материалдар бір немесе бірнеше автордың жұмыстары болуы мүмкін.

25. Конкурстық материалға қойылатын негізгі талап: қазіргі білім алушылардың қажеттіліктеріне сай және заманауи қосымша білім берудің мәселелерін шешуге лайықты инновациялық педагогикалық идеяның, технологияның, тәжірибенің болуы.

26. Конкурстық материалдардың баспа түрі А-4 форматта және электронды нұсқасы ұсынылады, осы ережеде көрсетілген талаптарға, оқу-әдістемелік материалдарды рәсімдеуге қойылатын талаптарға сәйкес келуі шарт, компьютермен терудің негізгі ережелерін сақтау керек.

27. Конкурстық материалдарды әзірлеу және рәсімдеу барысында Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығының Әдістемелік кеңесімен ұсынылған Балаларға арналған қосымша білім беру жүйесінде әдістемелік материалдарды әзірлеу жөніндегі әдістемелік нұсқауларды пайдалану қажет («Қосымша білім және тәрбие» желтоқсан, 2011 жыл).

28. Конкурстық жұмыстарды сараптау барысында қазылар алқасы келесі белгілерді (критерий) басшылыққа алады:

тұтастық (мақсаты мен міндеттерінің айқын тұжырымдалуы; мақсаты мен міндеттерінің күтілетін нәтижелермен, мазмұнымен, оқыту нысаны және әдістерімен өзара байланысы; білім алушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты жүзеге асыру тәсілдерін негіздеу);

нәтижелілік (күтілетін нәтижелердің анықталуы, оларды бағалау белгілері және тексеру тәсілдері; білім беру нәтижелерін анықтау тетігі);

әдістемелік зерттелуі (автор пайдаланған әдістердің негізділігі; техникалық және дидактикалық жабдықтармен қамтамасыз етілуі – оқытуға қажетті құрал-саймандар, әдебиеттер тізбесі;

инновациялылығы (автор ұсынған материалдың түпнұсқалық негізділігі, қолданыстағы материалдармен салыстырғандағы жаңалығы және басымдылығы);

өзектілігі және педагогикалық мақсаттылығы (авторлық жинақтар мен қосымшалар үшін).

29. Осы ережелерде көрсетілген талаптарға сәйкес келмейтін және бұрын республикалық конкурстарға ұсынылған жұмыстар қабылданбайды.

30. Конкурсқа ұсынылған оқу-әдістемелік материалдар қайтарылмайды, қатысушыларға сараптау қорытындысы берілмейді.

31. Қатысушы конкурсқа әдістемелік материалдарды ұсына отырып:

жұмысты жеке өзі немесе авторлармен бірлесіп орындағаны;

аталған жұмыс бойынша автордың ешкімнің алдында Конкурсқа материалды ұсынуға кедергі келтіретін міндеттемесі жоқтығы;

жұмыста көрсетілген барлық дәйексөздерге библиографиялық дерекнамаларға сілтеме жасалғаны;

иллюстрациялық, фото-, бейне- және графикалық материалдардың түпнұсқалық көрсеткіштерінің бар болуы;

сілтеме жасалмаған материалдардың авторлық болып табылатыны туралы кепілдік береді.

32. Конкурса ұсынылған жұмыстардың мазмұнына конкурстың ұйымдастырушылары жауапты емес. Авторлық құқықтарды бұзған жағдайда наразылық жұмыс авторына тікелей жіберіледі.

33. Ұйымдастыру комитетіне конкурстық материалдың келіп түсуін, автордың атын көрсете отырып, бірқатар материалдарды мерзімді басылым беттерінде жариялауға, сондай-ақ көрме және тұсаукесер өткізу барысында пайдалану үшін автордың (авторлардың) келісімі деп қарастырылады.

7. Қорытындысын шығару

34. Конкурстың нәтижесі бойынша қазылар алқасы конкурс жеңімпаздарын анықтайды, олар тиісті дипломдармен марапатталады.

35. Конкурс жеңімпаздарының материалдары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының әдістемелік қорына енгізіледі.

36. Конкурс жеңімпаздарының үздік әдістемелік материалдары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны әзірлейтін жинақтарға, әдістемелік құралдарға, әдістемелік ұсыныстарға енгізілуі мүмкін.

8. Қаржыландыру

37. Конкурса қатысуға байланысты қаржы шығыстары жіберуші ұйым немесе қатысушы есебінен іске асырылады.

38. Конкурсты қаржыландыру қатысушылардың ұйымдастыру жарнасы, демеушілердің қаржысы және басқа да қаржы көздері есебінен іске асырылады.

39. Бір қатысушы үшін мақсатты жарна көлемі - **3000 теңге**. Қатысушылар жарнасы Конкурсты ұйымдастыру, ақпараттық қолдау, өткізу жұмыстарына жұмсалады.